



«ҚАСИЕТ ҚОНҒАН ҚАНЫШ СӘТБАЕВ САЛҒАН ЖОЛ – ҰРПАҚҚА ҰЛАҒАТ»

республикалық ғылыми-практикалық конференция
(Қаныш Сәтбаевтің 125 жылдығына арналады)

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК 2024 жылғы 13 сәуір күні «Қасиет қонған Қаныш Сәтбаев салған жол – ұрпаққа ұлағат» тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференциясына педагогтерді қатысуға шақырады.

Іс-шараның мақсаты: Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғылыми мұрасын, оның геологияны, тау-кен ісін дамытуға және қазақстандық ғылымның қалыптасуына қосқан үлесін сақтау және арттыру.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

- "Қаныш Сәтбаевтың экономиканың дамуына әсері"
 - Оның зерттеулерінің ғылым мен білімге әсері туралы есептер
 - Осы саладағы даму перспективаларын талқылау
- Қаныш Сәтбаев ұрпақтарының жадында
- Ғылымдағы жастар: әсері мен болашағы
 - Ғылыми мұраны жалғастыратын жас ғалымдардың презентациялары
 - Жас зерттеушілердің қатысуымен дөңгелек үстел

Конференция жұмысына қатысу формалары:

1. Пленарлық отырыста TEDx форматында сөйлеу (10 мин.дейін).
2. Секция барысында баяндама жасау
3. Конференцияға тыңдаушы ретінде қатысу.
4. Конференцияға баяндамаға жіберу

Конференция бағдарламасы:

1. Пленарлық мәжіліс.
2. Секциялық отырыс.

I бағыт - Қаныш Сәтбаевтың экономиканың дамуына әсері
- Оның зерттеулерінің ғылым мен білімге әсері туралы есептер
- Осы саладағы даму перспективаларын талқылау

II бағыт - Қаныш Сәтбаев ұрпақтарының жадында
- Тарих, әдебиет, білім, өнер саласы

III бағыт - Ғылымдағы жастар: әсері мен болашағы
- Ғылыми мұраны жалғастыратын жас ғалымдардың презентациялары
- Жас зерттеушілердің қатысуымен дөңгелек үстел

Конференцияға екі форматта қатысуға болады (онлайн, офлайн):

Офлайн:

- конференцияның спикері ретінде. Баяндама уақыты 7-10 минутқа дейін;
- тыңдаушы ретінде.

Өтетін орны: Астана қаласы, Қаныш Сәтбаев атындағы «Vinom school»
мектеп-лицей (Аль-Фараби проспекті, 40а)

Өткізу күні мен уақыты: 13.04.2024ж, сағат 10.00.

Қатысушыларды тіркеу сағат 09.00-ден басталады.

Конференцияның жұмыс тілі: қазақша

Конференцияға тікелей қатысу үшін 2024 ж. «5» сәуірге дейін электрондық поштасына (№1 қосымшаға сәйкес) өтінім мен баяндама тезистерін жіберу қажет.

Конференцияға қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне 2024 жылғы «5» сәуіріне дейін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- конференцияға қатысуға жеке өтініші (№1 қосымша);
- талаптарға сәйкес жасалған мақаланың мәтіні (№2 қосымша).

Қатысуға өтінім

ТАӘ (толығымен)	
Жұмыс орны, қызметі	
Байланыс телефоны	
Электрондық пошта (E-mail)	
Баяндама тақырыбы:	

Материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Мақала көлемі А4 мәтін форматындағы 3-6 бет, Microsoft Word мәтіндік редакторында Times New Roman шрифтімен, бір жоларалық интервалмен 14 кегльмен терілген болуы тиіс. Беттің параметрлері: абзац-10 мм; жиектері барлық жағынан 20 мм. Мәтінді бос орындар мен табуляциясының көмегімен түзетуге жол берілмейді. Мәтін тілі: қазақша

Мақала тақырыбын рәсімдеу бойынша: баяндама тақырыбы; автордың (лардың) аты-жөні (дері) үтір арқылы қалың қаріппен беттің ортасына жазылады; Оқу орнының атауы ортасында курсивпен; Аннотация, түйінді сөздер. Әрі қарай, бір бос жолдан кейін негізгі мәтін.

Материалдар жинағы электронды түрде PDF форматында конференция өткізілген күннен кейін 10-15 күн ішінде қатысушыларға жіберіледі. Қатысушыларға қатысу сертификаты (электронды) беріледі.

Жинаққа UDC, LBC және халықаралық стандартты кітап нөміріне (ISBN) сәйкес кітапхана индекстері беріледі. Конференция материалдары Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК <https://astana-modern.kz> сайтында жарияланады.